

«Нархоз университеті» АҚ

ӘОЖ 005.21:658.(574.4)

Қолжазба құқығында

КАЗЫКЕШОВА АҚМАРАЛ ТУРСЫНБЕКОВНА

Сыртқы орта тұрақсыздығы жағдайында өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық стратегиясын қалыптастыру (Шығыс Қазақстан облысы материалдары негізінде)

6D050700 – Менеджмент

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Э.ғ.д., профессор С.Ы. Өмірзақов
PhD докторы, профессор Ерлан Кудыс

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫНА СЫРТҚЫ ОРТАНЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	11
1.1 Кәсіпорынды басқарудағы экономикалық стратегияны қалыптастырудың мәні және объективтік қажеттілігі	11
1.2 Стратегияны әзірлеу барысында сыртқы ортаның әсерін бағалаудың әдістемелік аспектілері	21
1.3 Сыртқы ортаның факторларының әсері: стратегиялық бағытты таңдау	37
2 ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ	51
2.1 Республиканың өнеркәсіп саласының ахуалы және даму барысы	52
2.2 Шығыс Қазақстан облысының өнеркәсіптік кәсіпорындарының қазіргі жағдайын талдау	67
2.3 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық стратегиясын бағалау	83
3 СЫРТҚЫ ОРТА ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ	90
3.1 Экономикалық стратегияны қалыптастырудың басымдықтары: сыртқы орта факторларының әсерін бағалау әдістемесі	90
3.2 Сыртқы ортаның әсері жағдайында өнеркәсіптік кәсіпорынның дамуының экономикалық стратегиясын қалыптастыруды жетілдіру үлгісі	103
ҚОРЫТЫНДЫ	119
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	121
ҚОСЫМШАЛАР	130

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы №254 жарлығымен бекітілген «Өнімділік - 2020» мемлекеттік бағдарламасы

ҚР Президентінің «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, (14.12. 2012 ж.).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы №874 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасын индустриалдық - инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»

ҚР Президентінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауы (17.11. 2014 ж.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Геология саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» (13.08. 2012 ж.).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тау-кен металлургия өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014 - 2018 жылдарға арналған кешенді жоспары» (28.05. 2014 ж.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бизнестің жол картасы - 2020 бағдарламасы» (31.07. 2015 ж.).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Басқару жүйесі - ұйымның өз мақсаттарына жетуге бағытталған іс-әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және реттеу жүйелері.

Басқару шешімдері- бұл басқару жүйесінің маңызды бөлігінің түрі, басқарушылы қмақсаттар мен міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін өзара байланысты логикалық тәртіппен орындалған іс-шаралардың жиынтығы.

Өнеркәсіп- ұлттық экономиканың шикізат, отын, энергия өндірумен, ағаш өнімдерін дайындаумен, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық шикізатын өндіріс құрал-жабдығы мен тұтыну заттарына өңдеумен (қайта өңдеумен) айналысатын кәсіпорындарды біріктіретін аса маңызды саласы.

Стратегия- ұйымның міндетті іс-әрекетін орындауды және мақсатына жетуді жан-жақты қамтамасыз ететін жоспарлардың жиынтығы.

Стратегиялық жоспарлау -кәсіпорынның басшы қабылдаған әрекеттер мен шешімдер жиынтығынан құрастырылған бағдарламасы.

Экономикалық стратегия- мемлекеттің, аймақтар әкімшіліктерінің, фирмалар мен кәсіпорындар басшыларының өндіріске қатысты кірісі мен шығысы, баға, әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ұзақ мерзімге арналған қағидаттық нұсқаулары, жоспарлары, дамудың белгілі бір кезеңінде қалыптасқан шараларын негізге ала отырып, осы жұмысты жүргізудің жалпы жоспары.

Кәсіпорын- өнімдер мен тауарлар өндіретін, қызметтер көрсететін заңды тұлғаның құқықтары бар ұйымдық-оқшауланған шаруышылық етуші субъекті.

Экономикалық даму деңгейі-елдер тобының (елдің, ауданның) экономикалық даму процесінде қол жеткен дәрежесін және оларды салыстырылатын аумақтариерархиясының қатарынан алатын орнын анықтауға мүмкіндік беретін жалпылама экономикалық сипаттама.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	-	Акционерлік қоғам
ӘСҰ	-	Әлемдік сауда ұйымы
БҰХМУҰ	-	Бірікке ұлттар ұйымының халықаралық мамандырылған үкімет аралық ұйымы
ҒТП	-	Ғылыми-техникалық прогрес
ЖҚҚ	-	Жалпы қобымша құн
ЖОО	-	Жоғарғы оқу орны
ЕЭО	-	Еуразиялық экономикалық одақтастық
ЕО	-	Еуроодақ
ҚДБ	-	Қазақстанның даму банкі
КСРО	-	Кеңестік социалистік республикалар одағы
ҚР ЭМ	-	Қазақстан Республикасы энергетика министрлігі
ҚР ҚМ	-	Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі
ЖШС	-	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
СШО	-	Стратегиялық шаруашылық орталықтар
СОӘ	-	Сыртқы ортаның әсері
ТҰК	-	Транс ұлттық компаниялар
ТМД	-	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ӨТМК	-	Өскемен титан - магний комбинаты
ӨСЭС	-	Өскемен су электр станциясы
ҮМЗ	-	Үлбі металлургиялық зауыты
РФ	-	Ресей Федерациясы
ЭЫДҰ	-	Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
ЯОЦ	-	Ядролық отын циклы
млн.	-	Миллион
млрд.	-	Миллиард

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаһандық ахуал біздің көз алдымызда өзгеруде. Сәт сайын құбылған аласапыран заманның өгерістеріне сай амал болуы керек. Ең жақсы жоспар – уақыт талабына бейімделе алатын жоспар» деп, әр саладағы шаруашылық етуші кәсіпорындардың басқару стратегиясын кез - келген уақытта қайта құра алу, ия болмаса сыртқы ортаның өзгерістеріне икемдей білу міндетін алға қойған болатын [1]

Қазіргі таңда әр түрлі елдердің экономикалары ұлттық, сондай – ақ жаһандық деңгейде тұрақсыз жағдай кешуде. Бір жағынан энергия ресурстарының, азық-түліктердің, инвестициялық акценттердің дамушы елдерге ауысуы, ішкі нарықтардың өсуі, екінші жағынан – ЕО аймағындағы созылған қаржылық дағдарыс, ірі державалардың экономикаларының өсу қарқынының тежелуі, АҚШ-ның бюджеттік саясатындағы сенімсіздік пен қарама – қайшылық, белгісіз тенденцияларды қалыптастырады. Бұл тұрақсыз факторлар ішкі резервтерді іздеуді, экономиканы әртараптандыруды тереңірек дамытуды, стратегиялық басқаруды жетілдіруді, экономикалық және инновациялық стратегияларды күшейтуді талап етеді.

Қазақстанның экономикасында өнеркәсіп саласының алатын орны ерекше екендігі бәрімізге мәлім. Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ өнеркәсіптің ЖІӨ-дегі үлесі 31,8% құрайды және Республикадағы халықтың 20,4 % жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Қазіргі уақытта өнеркәсіп саласы Қазақстан экономикасының шамамен үштен бір бөлігін алады. Тау-кен өндірісі халықтың 2,9% жұмыспен қамтып, қосымша құн салығының 18% құрап отыр. Өндеуші өнеркәсіпте негізгі капиталға салынған инвестициялар мөлшері 30% құраса, өндеуші өнеркәсіп 18% құрайды [2].

Қазақстан өнеркәсіптік сала өнімін экспорттаудан (ең алдымен мұнай есебінен) жан басына шаққанда экспорт көрсеткіші бойынша ТМД елдерінен басып озады. Алайда, жан басына шаққандағы өндеуші өнеркәсіп өнімін экспорттау бойынша Ресеймен салыстырғанда екі есе төмен. Еліміздің экономикасын индустриализациялау саясатында өндеуші өнеркәсіптік кәсіпорындарға назар аударылғанмен, олардың сыртқы ортасының зерттелу деңгейі салыстырмалы түрде төмен болып отыр. Қазіргі таңда өндеуші өнеркәсіп жұмыспен қамтамасыз етуде халықтың 7% төмен мөлшерін қамтып отыр және ҚҚС 11% құрайды. Яғни, ЭЫДҰ арасында өндеуші өнеркәсіптегі өнімділік деңгейі орташа көрсеткіштен екі есе төмендігін көрсетеді [3].

Әлемдік экономикадағы болып жатқан жайттар қазақстандық кәсіпорындардың қызметінде де көрінісін тапты. Яғни, олардың жаңа жағдайларға бейімделуін, стратегиялық жоспарларын қайта әзірлеуге мәжбүрлеп отыр. Сол себепті дәл өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін өз

мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, әлемдік нарықтың талаптарына сәйкес тез өзгергіш орта мен қатаң бәсеке жағдайында өзінің даму жолын құруға тиісті. Мұндай пайымдау сыртқы ортаға бейімделуге мүмкіндік беретін экономикалық стратегияны қалыптастыру барысында жүзеге асатындығы анық. Осындай жағдайлар кәсіпорынды басқару жүйесіндегі экономикалық стратегияны қалыптастырудың жаңа әдіс-тәсілдері мен жолдарын іздестіруді талап етіп отыр. Сондықтан да экономикалық стратегияны басқаруды ұйымдастыру бойынша бұрын пайдаланылған әдістер мен технологиялар сыртқы ортаның өзгергіштігі жағдайында тиімді болмай қалғандығы белгілі болды. Аталмыш мәселе Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық стратегиясын қалыптастыруда және оларды басқаруда біраз кедергілерді туындатып отыр. Қалыптасқан экономикалық стратегияны жүзеге асыру барысында кәсіпорынның сыртқы ортасының тұрақсыз факторларының әсерінен оның бағытын және мақсаттарын өзгертуге тура келеді. Осындай жағдайларға байланысты кәсіпорын дамуының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, өзгермелі ортада оның қызметінің тұрақтылығын ұзақ мерзімде сақтап тұру үшін экономикалық стратегияны сыртқы ортаның ықпалы жағдайында қалыптастыруды туындатып отыр.

Сондықтан да, өнеркәсіптік саладағы кәсіпорындар бәсекеге қабілетті өндірісті қамтамасыз ету мен өзгергіш ортаға бейімделген басқару жүйесін жүзеге асыру үшін туындайтын мәселелер аталған тақырып бойынша зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі. Кәсіпорынның стратегиясы және стратегиялық басқару мәселелері отандық және шетел авторларының еңбектерінде баяндалып, қарастырылған. Стратегиялық басқарудың негіздерін зерттеуде шетелдік ғалымдар Р.Акофф, И.Ансофф, Б.Карлофф, У.Кинг, Д.Клиланд, М.Мескон, М.Портер, А.Чандлер, А.Томпсон, ресейлік ғалымдардың ішінде ұйымның экономикалық стратегиясының қалыптасуына аса мән берген А.П.Градов, О.С.Виханский, И.В.Мешков сынды авторлар. Осы мәселені қарастырған отандық ғалымдардан Р.К.Сатова, С.Ы.Умирзаков, С.А.Алпысбаев, К.Б.Бердалиев, У.Ж.Шалболова А.К. Кошанов, С.Д.Ташенова, Э.А.Түркебаев, және т.б. еңбектерін ерекше атауға болады.

Өнеркәсіп саласын стратегиялық басқару және дамыту тұрғысындағы тұжырымдары Г.Н.Гамарник, Р.М.Нуриев, С.А.Аханов, А.Сабден, А.Н.Дауренбекова, Т.С.Сатқалиева, Т.А.Ашимбаев, М.Б.Кенжегузин сынды отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады.

Тау-кен металлургиялық өнеркәсібінің проблемаларын қарастырған ғалымдардың ішінде Е.М.Үпішев, Д.А.Айтжанованың, Р.А.Исмаилованың ғылыми еңбектерін атап кетуге болады.

Жоғарыдағы ғалымдардың зерттеу жұмыстарының кәсіпорынды басқару стратегиясын зерттеуде, оның экономикалық даму бағытын анықтауда қосқан үлестері зор. Десек те, сыртқы ортаның тұрақсыздығы жағдайында еліміздегі өнеркәсіп саласы, оның ішінде түсті металлургия өнеркәсібі кәсіпорындарының

экономикалық стратегиясына ұлттық, мемлекеттік басқару және шарушылық етуші механизмдер, халықаралық стандарттар және әлемдік нарықтағы өзгерістері әсер ететіні жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері анықталған.

Зерттеудің мақсаты - сыртқы орта тұрақсыздығы жағдайында өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық стратегиясын қалыптастыруды жетілдіру бойынша ғылыми-теориялық, әдістемелік және тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу.

Алға қойған мақсатқа сәйкес төмендегідей **міндеттер** айқындалады:

- сыртқы ортаның әсерін ескеру арқылы кәсіпорынның экономикалық стратегиясын қалыптастыру мен басқарудың теориялық-әдістемелік негіздерін зерделеу;

- статистикалық мәліметтер негізінде Қазақстанның өнеркәсіп саласының қазіргі таңдағы ахуалы мен даму барысына баға беру;

- Шығыс Қазақстан облысындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың қазіргі жағдайын талдау;

- Өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық стратегиясына баға беру және оған ықпал ететін сыртқы орта факторларын анықтау;

- Сыртқы ортаның тұрақсыздығы жағдайында өнеркәсіптік кәсіпорындарының экономикалық стратегиясын қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

- **Зерттеу нысаны** ретінде Шығыс Қазақстан облысының «Қазмырыш» ЖШС, «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ өнеркәсіптік кәсіпорындары алынды.

- **Зерттеу пәні болып**, өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық стратегиясының әзірленуі мен жүзеге асырылуы үдерісінде пайда болған ұйымдастырушылық-экономикалық және әлеуметтік қатынастардың жиынтығы саналады.

- **Зерттеудің ақпараттық негізі** болып ашық басылымда жарияланған мағұлматтар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі статистика комитетінің мәліметтері, ҚР стратегиялық даму бағдарламалары, жалпы ғылыми сипаттағы кешендік әдістемелер пайдаланылды. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысының өнеркәсіптік кәсіпорындарының ресми сайттарындағы ақпараттар, шаруашылық қызметінің кезеңдік, есептік мәліметтері мен автордың зерттеу барысында жиналған материалдары қолданылды.

- **Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі** болып өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық стратегиясын қалыптастыруды зерттеуге арналған экономикалық теория классиктерінің еңбектері, оның дамуына әсер ететін басқарушылық экономикалық факторларды қарастырған қазіргі экономикалық мектеп өкілдерінің ғылыми жұмыстары, сондай-ақ экономиканы математикалық модельдеуде әдістерді қолдану саласындағы ғалымдардың еңбектері болып табылады. Зерттеу абстракт – логикалық, есептеу –

құрылымдық, монографиялық, экономика – статистикалық, математикалық және эконометрикалық дәстүрлі әдістерді қолдану негізінде орындалды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңашылдығы мен нәтижелері:

– кәсіпорынның экономикалық стратегиясын сыртқы ортаның факторларының тұрақсыздығы жағдайында әзірлеу мен оны жүзеге асырудың ерекшеліктерін анықтау негізінде, автор тарапынан «экономикалық стратегия» түсінігі нақтыланды және толықтырылды;

– Қазақстанның өнеркәсіп саласының қазіргі ахуалы мен дамуын талдау негізінде экономикалық стратегия аясында нақты нәтижелерді алуға мүмкіндік беретін факторлар анықталып, өнеркәсіптік өнім көлемін болжаудың әдістемесі әзірленді;

– кәсіпорындардың экономикалық стратегиясына әсер ететін сыртқы орта факторлары жіктеліп, оларды бағалаудың интегралдық көрсеткіштері тобы анықталды;

- сыртқы ортаның тұрақсыздығы жағдайында өнеркәсіптік кәсіпорынның экономикалық стратегиясын қалыптастырудың үлгісі жетілдірілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Қорғауға республиканың өнеркәсіп саласын стратегиялық басқару мен реттеудің теориялық жайттары мен оны қамтамасыз етудің нақты тәжірибелік ұсыныстарынан тұратын ғылыми-тәжірибелік әзірлемелер шығарылды. Зерттеу барысында жаңа жағдайлар, қорытындылар мен ұсыныстар қалыптастырылды, олардың ішінде маңыздылары келесідегідей:

– сыртқы ортаның тұрақсыздығы жағдайына қатысты «экономикалық стратегия» ұғымына авторлық ұстанымы; ;

– экономикалық стратегия аясында өнеркәсіптік өнім көлемін экономикалық-математикалық болжаудың әдістемесі;

– кәсіпорынның экономикалық стратегиясын әзірлеу үшін нақты басқару шешімдерін қабылдауда сыртқы орта факторларын бағалауға мүмкіндік беретін интегралдық көрсеткіштерді анықтау әдістемесі

– өнеркәсіптік кәсіпорынның сыртқы ортаның әсері жағдайындағы дамуының экономикалық стратегиясын қалыптастыру үлгісі.

Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы және нәтижелерінің іс жүзінде қолданылуы. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік нәтижелерін «Өнімділік - 2020» Мемлекеттік бағдарламасы (2011 жылы 14 наурыздан ҚР Президентінің №254 жарлығымен бекітілген), Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тау-кен металлургия өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2014- 2018 жылдарға арналған кешенді жоспарында»(28.05.2014 ж.), «Қазақстан Республикасын индустриалды – инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» (ҚР Президентінің жарлығы 2014 жыл №874 жарлығымен бекітілген) жүзеге асыру аясында негізгі атқарылатын жұмыстардың бағытында және өнеркәсіп саласын кезең - кезеңмен дамыту мен кәсіпорындардың өнімділігін ұлғайту мақсатында берілген тапсырмаларды жүзеге асыруда қолдануға болады.

Осы тақырып бойынша экономикалық стратегияны қалыптастыруға арналған үлгісі «Қазмырыш» ЖШС мен «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ стратегиялық басқару жоспарын жетілдіруде ұсынылып, енгізу туралы актісі берілді. Тағы бір енгізу актісі зерттеудің тәжірибелік және теориялық материалдарын Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ «Стратегиялық менеджмент», «Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау» пәндерін оқытудың әдістемелік бағдарламасында қолданылғаны туралы.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің талқылануы. Зерттеудің негізгі нәтижелерімен тұжырымдамалары халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып талқыланды: «Қазақстан Стратегиясы -2050: ТМД елдері ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілік мәселесі»(VI - халықаралық ғылыми конференциясы 28-29 наурыз 2014 ж. Ақтөбе қ., Қазақстан), «Ғылым және білім перспективалары» (VIII - Международная научно-практическая конференция 27 декабря, Прага, Чехия 2012 г.), «Қазақстан экономикасы тәуелсіздіктің 20 жылында: теория, тәжірибе және басымдықтары» (Т.Рыскулов атындағы ҚазЭУ, Алматы қ., Қазақстан 2011 ж.), «Научные перспективы XXI столетия:», (X - Международная-научно-практическая конференция, г.Новосибирск, Россия 2015 г.), «Актуальные вопросы совершенствования системы государственного и муниципального управления в России на современном этапе» (Международная научно-практическая конференция, г.Барнаул, Россия, 2016г.)

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен мазмұнын сипаттайтын 11 мақала жарияланды. Оның ішінде, және 1 мақала SCOPUS базасындағы журналда, 3 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын реттеу комитетімен ұсынылған басылымдарды, сонымен қатар 4 мақала халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциялар жинақтарында, 4 мақала басқа ғылыми баспаларда жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Ғылыми еңбектің құрылымы кіріспені, үш негізгі бөлімді, қорытындыны, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және қосымшаларды қамтиды.